

**6B02110-Хореография өнерінің педагогикасы  
білім беру бағдарламасы бойынша  
шығармашылық емтихан бағдарламасы**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 6B02110 – Хореография өнерінің педагогикасы білім беру бағдарламасы бойынша түсу шығармашылық емтиханының осы бағдарламасы шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламасына түсушілер үшін шығармашылық бағыттағы түсу емтиханын өткізу тәртібін белгілейді.

1.2 Шығармашылық емтиханның мақсаты оқуға түсушінің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіпті меңгерудің жеке алғышарттарының болуын тексеру, хореографиялық пәндерді кәсіби оқыту үшін қажетті педагогикалық іс-әрекетке және логикалық ойлауға бейімділігін анықтау, сондай-ақ спорттық бал биі саласында кәсіби педагогиканың өзіндік ерекшеліктері бар оқу бағдарламасын сәтті меңгеру үшін оқуға түсушінің дайындық дәрежесін анықтау болып табылады.

Педагогика кафедрасы 6B02110-Хореография өнерінің педагогикасы білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлап шығарады.

Мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттарына сәйкес жүргізіледі.

1.3 Оқу процесінде осы білім беру бағдарламасының білім алушылары:

- бағдарламалық материалды зерделейді;
- әр түрлі ұлттардың тарихы мен мәдениетін зерттейді;
- оқу-би оқу мысалдарын құрастыруды үйренеді;
- хореографиялық пәндерді оқыту әдістемесін қолдануды үйренеді;
- шешендік өнерді үйренеді;
- сабақ жоспарын құрады;
- музыкалық және би формалары туралы біледі;
- оқу және би мысалдарын құрастыру үшін музыкалық материалды тандап, қолдана білуді үйренеді;
- музыкалық материалды дұрыс орналастыруды үйренеді;
- практикалық көрсетілімді меңгереді.

**2. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар**

2.1 6B02110-Хореография өнерінің педагогикасы білім беру бағдарламасына түсушінің жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттары болуы тиіс, бұл ретте міндетті түрде хореографиялық білімінің (кемінде үш жылдық оқу мерзімімен техникалық және кәсіптік білім немесе өнер мектебін, үлгілі хореографиялық ұжымды бітіргені туралы куәлік және т.б.) болуы тиіс.

2.2 Оқуға түсушінің жоғары жалпы білім және зияткерлік деңгейі болуы, балет тарихы, мәдениет пен өнер, театр мен әдебиет саласында білімі болуы тиіс, сондай-ақ:

1) Практикалық сабақтарда хореографиямен айналысуға мүмкіндік беретін тиісті анатомиялық табиғи деректері (сау дене аппараты, дененің пропорционалды фигурасы, мүсінді аяқтар, жалпақ табанның, еңкіштіктің болмауы, сахналық қадамның, көтерудің, икемділіктің және иілгіштіктің болуы, аяқтың сыртқа айналымы, биік секіру);

2) Тиісті психофизикалық деректері (табиғи музыкалық, ырғақтық, жүйке жүйесінің реактивтілігі мен қозғалғыштығы, қимыл жады, шығармашылық қиял, мықты жүйке жүйесі);

3) Физикалық жағдайлары (төзімділік, тірек-қимыл аппаратының патологиясының болмауы, ішкі ағзалардың сау болуы (жүрек, бауыр, бүйрек, асқазан және т.б.) және т. б.);

4) Педагогикалық қызметке бейімділігі.

5) Шығармашылық әлеуеті.

6) Би өнерінің бағыттары саласындағы базалық білімі (классикалық би, халық-сахналық би, қазақ биі, заманауи би) болуы тиіс.

7) Театр және хореография өнерінің тарихы туралы қарапайым білімді меңгеру, отандық және әлемдік мәдениет пен өнердің көрнекті қайраткерлерін білуі тиіс.

8) Музыка теориясы туралы қарапайым білімді меңгеруі тиіс.

Оқуға түсуші білуі және меңгеруі тиіс:

- орындаушылық қасиеттері: классикалық, халық-сахналық, қазақ және қазіргі заманғы билер қимылдарының негізгі топтарын мәнерлі және техникалық сауатты орындау, қимыл жадына ие болу;

- әртістік деректері - орындалатын бидің сипатын жеткізе алу қабілеті;

- құрастыру дағдылары – тізбектерді құрастырудың базалық принциптері;

- хореография өнері саласындағы теориялық білім.

### **3. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі**

3.1 Шығармашылық емтихандардан өту үшін оқуға түсуші балет залына жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жіберіледі.

3.2 Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және арнайы пәндер бойынша емтихандардан өту тәртібі, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі. Шығармашылық емтихандарды тапсырудың ерекшеліктері консультация беру кезінде түсіндіріледі. Арнайы пәндер бойынша консультацияларға қатысу міндетті.

Консультацияларда оқуға түсушілерге емтихан тапсыру үшін оқу материалы беріледі және арнайы пәндер бойынша емтихандардан өтуге қойылатын тәртіп, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны, апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі. Консультация өткізу кезінде оқуға түсуші классикалық, халық-сахналық, қазақ және қазіргі заманғы билер, сондай-ақ емтиханға шығарылатын оқу мысалдарының бейнежазбасы бойынша қажетті ақпарат алады.

3.3 Шығармашылық емтихандарды онлайн режимде қабылдаған жағдайда, оқуға түсуші шығармашылық емтихандарға қатысу үшін бейнематериалдарды

алдын ала жазып алады және ағымдағы жылдың 6 шілдесінен кешіктірмей қабылдау комиссиясының электрондық мекенжайына жібереді. (admissions-uro@balletacademy.kz).

#### **4. Шығармашылық емтиханның бағдарламасы**

4.1. Оқуға түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады. Шығармашылық емтихандар практикалық бөлімнен және билеттер бойынша коллоквиумнан тұрады.

##### **4.2 1-шығармашылық емтихан – орындаушылық шеберлік**

Оқуға түсушінің кәсіби дағдылары мен іскерліктері болуы тиіс: классикалық, халықтық-сахналық және қазақ биі бойынша базалық білімі болуы; терминологияны білуі; практикалық материалды меңгеруі; музыкалық қабілетін, үйлесім мен мәнерлілігін, орындау сауаттылығы мен мәдениетін көрсетуі; станок жанында және зал ортасында классикалық би экзерсисін, педагогтың тапсырмасы бойынша allegro (классикалық би бойынша базалық тренаж) көрсетуі тиіс; педагогтің тапсырмасы бойынша станок жанында және залдың ортасында халық-сахналық би бойынша экзерсис көрсету (кеңейтілген би комбинациялары – академиялық және халықтық бөлімдер); педагогтің тапсырмасы бойынша залдың ортасында қазақ биі бойынша экзерсис көрсету (би комбинациялары – ерлер және әйелдер бөлімдері).

Қабылдау сынағы барысында оқуға түсуші физикалық мәліметтерді, сондай-ақ кәсіби дағдыларды меңгеру деңгейін және көркемдік талғамын көрсетеді.

##### **4.3 2-шығармашылық емтихан – ауызша жауап.**

Оқуға түсуші жалпы мәдени деңгейін, эрудициясын, отандық және шетелдік хореография тарихының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы білімін, хореографиялық және аралас өнердің қазіргі жағдайы туралы білетінін көрсетуі тиіс.

1) Классикалық би:

- сұрақтарға жауап беру (классикалық би туралы қарапайым білімі болу, хореографиялық өнердің қазіргі жағдайы туралы хабардар болу)

2) Халық-сахналық би:

- сұрақтарға жауап беру (классикалық би туралы қарапайым білімі болу, хореографиялық өнердің қазіргі жағдайы туралы хабардар болу)

3) Қазақ биі:

- сұрақтарға жауап беру (классикалық би туралы қарапайым білімі болу, хореографиялық өнердің қазіргі жағдайы туралы хабардар болу).

4.4 Шығармашылық емтихандар онлайн қабылданған жағдайда, оқуға түсуші шығармашылық емтихан үшін (орындаушылық шеберлік) қабылдау комиссиясына консультацияларда алынған комбинацияларды практикалық орындай отырып, бейнематериалды жіберуі тиіс, бұл ретте оқуға түсушінің кәсіби дағдылары мен іскерліктері: терминологияны білуі, практикалық материалды меңгеруі, музыкалық қабілетін, үйлесімділігі мен мәнерлілігін, орындау сауаттылығы мен мәдениетін көрсетуі, классикалық (станоктың

экзерсисі мен залдың ортасында, аллегро), халық-сахналық (станок жанындағы экзерсис және зал ортасындағы этюдтер), қазақ (зал ортасындағы этюдтер) билері бойынша базалық білімі болуы тиіс.

Қабылдау сынағы барысында оқуға түсуші физикалық дерктерін, сондай-ақ кәсіби дағдыларды меңгеру деңгейін және көркемдік талғамын көрсетеді.

- Классикалық би: консультация кезінде берілген станок жанындағы және зал ортасындағы комбинациялардың оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды);

- Халық-сахналық би: консультация кезінде берілген станок жанындағы және зал ортасындағы комбинациялардың оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды);

- Қазақ биі: консультация кезінде берілген станок жанындағы және зал ортасындағы комбинациялардың оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды).

Әңгімелесу барысында оқуға түсуші жалпы мәдени деңгейін, эрудициясын, отандық және шетелдік хореография тарихының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы білімін, хореографиялық және аралас өнердің қазіргі жағдайы туралы білетінін көрсетуі тиіс.

1) Классикалық би:

- сұрақтар бойынша коллоквиум (консультациялар барысында алынған қарапайым білімдерді меңгеру).

2) Халық-сахналық би:

сұрақтар бойынша коллоквиум (консультациялар барысында алынған қарапайым білімдерді меңгеру).

3) Қазақ биі:

сұрақтар бойынша коллоквиум (консультациялар барысында алынған қарапайым білімдерді меңгеру).

4.5 Киім формасы: хореографиямен айналысуға арналған кәсіби сахналық аяқ киім (жұмсақ классикалық аяқ киім, қатты халық-сахналық аяқ киім). Қыздар үшін: купальник, трико және юбка, шашты түйіп қою. Ұлдар үшін: футболка және трико (классикалық би), футболка және шалбар (халық-сахналық би/қазақ биі).

## **5. Шығармашылық емтихан сұрақтарының тізбесі**

5.1 «Классикалық би» пәні бойынша емтихан сұрақтарының тізбесі:

1) Классикалық би сабақтарында би залының кеңістіктік орналасу сызбасы. En face және eparement түсініктерінің анықтамасы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.

- 2) Классикалық би сабақтарында *port de bras* рөлі және мағынасы. *Port de bras* түрлері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 3) Классикалық би сабақтарындағы *temps lie*. Консультацияларда меңгерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 4) Классикалық би сабақтарында *en dehors et en dedans* түсініктері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 5) Зал ортасында экзерсистегі классикалық би дене тұрыстары. Консультацияларда меңгерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 6) Классикалық би терминологиясын қолданып, зал ортасындағы экзерсистің реттілігі. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 7) Классикалық бидегі қол мен аяқ қалыптарын атаңыз. Консультацияларда меңгерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 8) Классикалық бидің байланыстырушы және қосымша қимылдарын атаңыз. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 9) Агрипина Ваганова – классикалық би жүйесінің негізін қалаушы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 10) Классикалық бидегі *arabesques* позалары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 11) Балаларды классикалық биге үйретуде едендегі гимнастиканың рөлі. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 12) Классикалық би сабағын музыкалық безендіру ерекшеліктері. *Allegro* бөлімінен құрастырылған комбинацияны практикалық түрде көрсету.
- 13) Классикалық бидің қай бөлімі Сізге көбірек ұнайды? Неге екенін түсіндіріңіз. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 14) Классикалық биде денені қою және орнықтылықты дамыту. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 15) Классикалық би оқытушысының қандай қасиеттері болуы керек? Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 16) Классикалық би сабағын құрудың ерекшеліктері мен әдістемесі (құрылымы). Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 17) Классикалық би терминологиясын қолдана отырып, *allegro* бөлімінің реттілігін атаңыз. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 18) Станоктың экзерсисіндегі *en face* және *épaulement* ұғымдарын анықтау. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 19) Классикалық бидің қол қалыптарындағы *allonge* және *arrondie* түсініктерінің анықтамасы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 20) Классикалық би хореографиялық өнердің мәнерлі құралы ретінде. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 21) Алтынай Асылмұратованың шығармашылығы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.

- 22) I, II, V қалыптарда аяқты қою. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 23) Классикалық биді оқытудың негізі болған еңбектерді жазған атақты классикалық би ұстаздарын атаңыз. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 24) Станокта экзерсистегі классикалық би қалыптары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.
- 25) Станокта және зал ортасында экзерсистегі классикалық би қимылдарының реттілігі. Консультацияларда игерілген комбинацияларды практикалық түрде көрсету.

#### 5.2 «Халық-сахналық би» пәні бойынша емтихан сұрақтарының тізбесі:

- 1) Қазақстан Республикасының кәсіби хореографиялық ұжымдарын атаңыз. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 2) Халық-сахналық биде станоктағы жаттығуларды оқытудың мақсаттары мен міндеттері қандай? Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 3) П.И. Чайковскийдің «Аққулар көлі» балетінде қандай сипатты билер қойылған? Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 4) Халық-сахналық бидегі қалыптар және қол мен аяқ қалыптары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 5) Украин халық биінің негізгі қимылдары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 6) «Тарантелла» итальяндық академиялық бидің негізгі қимылдары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 7) Халық-сахналық бидің шығу тарихы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 8) Жұпты халық-сахналық биде дене мен қолдың қалыптары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 9) Музыкалық өлшемдер қандай болады? Мазурканың музыкалық мөлшері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 10) И.А.Моисеевтің шығармашылығы және оның халық биін дамытудағы рөлі. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 11) Халық-сахналық би сабағындағы музыкалық сүйемелдеу және концертмейстердің рөлі. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.

- 12) Халық-сахналық би бойынша сабақты құру (құрылымы) ерекшеліктері мен әдістемесі. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 13) «Халық-сахналық би» пәнінің мақсаттары мен міндеттері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 14) «Краковяк» поляк халық биінің негізгі қимылдары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 15) Сізге классикалық бидің қандай бөлімі көбірек ұнайды? Неге екенін түсіндіріңіз. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 16) Станокта экзерсистегі классикалық би қимылдарының реттілігі. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 17) 90°-та аяқпен сырғу түрлері («арқаншаға» дайындық). Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 18) Жұмыс істеп тұрған аяқтың тізесін ашық күйден жабық күйге және жабық күйден ашық күйге (battement fondu) 45°-қа бұру. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 19) Халық-сахналық биде еден үстінде табанмен сырғанау түрлері (battement tendu). Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 20) Халық-сахналық биде жүрелеп отыру түрлері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 21) Халық-сахналық биде кішкене ырғу түрлері (battement tendu jete). Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 22) Чечеткаға дайындық және табанды еден үстінде «өзіңнен» және «өзіңе қарай» қимылдарымен чечетка (бос ұстаған күйдегі табан жаттығулары/ flic-flac). Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 23) Халық-сахналық биде аяқты бір қалыптан екінші қалыпқа ауыстыру. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 24) Еденде аяқтың айналма қозғалыстары (rond de jambe par terre). Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 25) Халық-сахналық биде аяқты 90° (battement developpe) жазу, түрлері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.

### 5.3 «Қазақ биі» пәні бойынша емтихан сұрақтарының тізбесі:

- 1) Қазақ биіндегі қол мен аяқ қалыптары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.

- 2) Қазақ биінің бастаулары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 3) Қазақ әйелдер биіндегі қолдың позициясы мен ерекше жағдайлары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 4) Қазақ ерлер биіндегі қолдың позициялары мен ерекше жағдайлары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 5) Қазақ әйелдер биінің қол қимылдары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 6) Қазақ ерлер биінің қозғалысы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 7) Қазақ биіндегі тағзымдар. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 8) Қазақ музыкасының күйшілері мен композиторлары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 9) Шара Жиенқұлованың шығармашылығы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 10) Дәурен Әбіровтің шығармашылығы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 11) Зәуірбек Райбаевтың шығармашылығы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 12) Болат Аюхановтың шығармашылығы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 13) Мыңтай Тілеубаевтың шығармашылығы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 14) Ольга Всеволодская-Голушкевичтің шығармашылығы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 15) «Атшабыс» түрлері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 16) Қазақ биінің танымал орындаушылары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 17) Қазақстанның халық би кәсіби ансамбльдері мен ұжымдары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 18) Қазақ биінің мұрасы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 19) Қазақ әйелдер биіндегі жүрістер. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 20) Қазақ әйелдер биінің би элементтері мен қимылдары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 21) Қазақ ерлер биіндегі жүрістер. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 22) Қазақстан балет педагогикасының шеберлері. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.



- 23) Қазақ биіндегі қолдың ою-өрнек қалыптары. Әйелдер биі негізінде этюдті практикалық түрде көрсету.
- 24) Қазақ халық әуендерінің музыкалық сипаттамасы. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.
- 25) Қазақстанның ұлттық балеттері мен опералары. Консультацияларда игерілген комбинацияларды немесе этюдтерді практикалық түрде көрсету.

## **6. Бағалау критерийлері**

Кәсіби деректері (аяқтың айналымдылығы, көтерілу, кадам, икемділік, секіру), бидегі әртістік мәнерлілік, сахналық хореографиялық образ жасау қабілеті болған кезде 36-45 балл қойылады. Емтихан тапсырушы комиссия берген музыкалық тақырыпқа оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, оқу комбинациясының немесе би этюдінің өте жақсы теориялық білімін және сауатты практикалық көрсетілімін көрсетеді. Музыкалық қабілеті бар, музыканың метрін, ырғағын анықтайды. Педагогикалық қабілеті, шығармашылық әлеуеті жоғары.

Егер оқуға түсуші би техникасын жақсы меңгерген жағдайда, 26-35 балл қойылады. Берілген қимылдарды қайталап орындай алады. Теориялық білімді меңгерген және комиссия берген музыкалық тақырыпқа оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, оқу комбинациясының немесе би этюдінің сауатты практикалық көрсетілімін көрсетеді. Музыкалық қабілеті бар, музыканың метрін, ырғағын анықтайды.

Егер оқуға түсушінің орташа физикалық деректері болса, би техникасын жақсы меңгермеген, биде әртістік мәнерлілігі әлсіз, сахналық хореографиялық образ жасау қабілеті нашар болған жағдайда, 16-25 балл қойылады. Би қимылдарын қайталап орындауда қиындықтар туындайды, қимылдарды формальды түрде орындайды.

Егер оқуға түсушінің биде кәсіби деректері (көтергіштігі, икемділігі және икемділігі), әртістік мәнерлілігі болмаса, бірақ осы бейін бойынша оқуға әлеуетті болса, 5-15 балл қойылады. Емтихан тапсырушы берілген қимылдарды орташа орындайды, теориялық білімдерін көрсетпеген, музыкалық орындауы жоқ, музыканың метр-ырғағын анықтай алмайды.

Егер оқуға түсушінің кәсіби деректері жоқ болса, комиссия берген музыкалық тақырыпқа оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, оқу комбинациясын немесе би этюдін көрсете алмаған; музыкалық кейіпкерлерді анықтамаған, би хореографиясының лексикасын білмеген жағдайда, 0-4 балл қойылады. Оқуға түсуші осы бағыт, бейін бойынша оқуға дайын емес немесе қабілетті емес.

## **7. Ұсынылатын әдебиеттер**

7.1 Классикалық би бойынша ұсынылатын әдебиеттер:

- 1) Базарова Н. Классический танец. - Л., 1984
- 2) Базарова Н., Мей В. Азбука классического танца. – СПб., Лань, Планета Музыки, 2005
- 3) Валукин Е. Система мужского классического танца. – М., ГИТИС, 1999

- 4) Валукин М. Эволюция движений в мужском классическом танце. – М., ГИТИС, 2007
- 5) Головкина С.Н. Уроки классического танца в старших классах. – М., 1989
- 6) Джозеф С. Хавилер. Тело танцора. Медицинский взгляд на танцы и тренировки. – М.: Новое слово, 2004
- 7) Есаулов И. Устойчивость и координация в хореографии: методическое пособие. – Ижевск: изд-во Удм. ун-та, 1992
- 8) Жакипова К.М. Би өнерінің әліппесі. – Алматы, 2005
- 9) Ивлева Л. Анатомо-физиологические особенности обучения хореографии: учебно-методическое пособие. Челябинск: ЧГАКИ, 2005
- 10) Костровицкая В. Классический танец. Слитные движения. Под редакцией Вагановой А. – М., 1961
- 11) Костровицкая В. 100 уроков классического танца. – Л., 1981
- 12) Костровицкая В., Писарев А. Школа классического танца. – Л., 1976
- 13) Мессерер А. Уроки классического танца. – М., 1967
- 14) Мориц В., Тарасов Н., Чекрыгин А. Методика классического тренажа. – М.; Л., 1940
- 15) Пестов П.А. Аллегро в классическом танце. Раздел заносок. – М: МГХИ, 1994
- 16) Пестов П.А. Уроки классического танца. 1 курс. Вся Россия, 1999
- 17) Тарасов Н. Классический танец. Школа мужского исполнительства. – СПб, 2005
- 18) Безуглая Г.А. Концертмейстер балета: Музыкальное сопровождение урока классического танца. Работа с репертуаром: Уч. пособие / – СПб.: Акад. Рус. балета им. А. Я. Вагановой, 2005. – 220 с.

#### 7.2 Халық-сахналық би бойынша ұсынылатын әдебиеттер:

- 1) Ткаченко Т.С. Народный танец – М. «Искусство», 1967г. 656стр.
- 2) Ткаченко, Т. Народные танцы: – М.: «Искусство», 1977г. – 573 стр.
- 3) Генслер И.Г. Методика преподавания характерного танца Учебное пособие 3-е изд. – СПб: Академия Русского балета имени А.Я. Вагановой, 2014г. – 161стр.
- 4) Богуславская А.Г. Народно-сценический танец. Часть 2. Учебное пособие. М., МГАХ, 2009. – 288 с.: ил. 366
- 5) Есаулов И.Г., Есаулова К.А. Народно-сценический танец Учебное пособие 2-е изд. – СПб.: Издательство «Лань»; Издательство «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 2014г. – 208стр.
- 6) Гусев Г.П. Методика преподавания народного танца. Упражнения у станка: Учеб. пособие для ВУЗов культуры и искусств. / Г.П. Гусев. – М.: Гуманит. Изд. Центр Владос, 2002г. – 209 стр.
- 7) Гусев Г.П. Методика преподавания народного танца. Танцевальные движения и комбинации на середине зала: Учеб. пособие для ВУЗов культуры и искусств. / Г.П. Гусев. – М.: Гуманит. Изд. Центр Владос, 2003г. – 208 стр.

- 8) Лопухов А.В., Ширяев А.В., Бочаров А.И. Основы характерного танца: Учеб. пособие – СПб., М.: Издательство «Лань»; Издательство «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 1939г. – 344 с.
- 9) Тарасова Н. Теория и методика преподавания народно – сценического танца: Учеб. пособ. – СПб.: 1996г.
- 10) Кульбекова А.К. Методика преподавания народно-сценического танца. Учебное пособие. – Уральск, 2006.
- 11) Стуколкина Н. Четыре экзерсиса: Учебник – М.: Всероссийское театральное общество, 1972г. – 400 стр.
- 12) Бриске И.Э. Народно-сценический танец и методика его преподавания: Уч. пособие; Челяб. гос. акад. культуры и искусств. – Челябинск, 2007г.
- 13) Борзов А.А. Русский танец и учебный процесс / // Хореография: история, теория, практика: [сб. ст.]. – М.: Моск. акад. образования Натальи Нестеровой, 2011. – Вып.4.
- 14) Сапогов А.А. Школа музыкально-хореографического искусства: Учебное пособие – СПб: Издательство «Лань»; Издательство «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 2014. – 264с. – (Учебники для вузов. Специальная литература)
- 15) Зоценко В.Е. Музыкальное сопровождение урока народно-сценического танца/ сборник –Санкт-Петербург, издательство Лань, 2011 г.

### 7.3 Қазақ биі бойынша ұсынылатын әдебиеттер:

- 1) Обычаи и обряды казахов в прошлом и в настоящем. – Алматы, «Ғылым» 2001
- 2) Абилов Д.Т., Исмаилов А. Казахские народные танцы. – Алматы, 1976
- 3) Всеволодская–Голушкевич О. Пять казахских танцев. – Алматы 1998
- 4) Жиенкулова Ш. Казахские танцы. – Алматы, 1955
- 5) Всеволодская–Голушкевич О. Школа казахского танца. – Алматы, «Өнер», 1994
- 6) Сарынова Л. Балетное искусство Казахстана. – изд. АНКазССР, 1976
- 7) Жиенкулова Ш. Сымбат. – Алматы, Өнер 1987
- 8) Кульбекова А.К., Изим Т.О. Теория и методика преподавания казахского танца. – Астана, 2012
- 9) Кишкашбаев Т.А., Шанкибаева А.Б., Мамбетова Л.А., Жумасейтова Г.Т., Мусина Ф.Б. История Хореографии Казахстана. – Алматы, 2005